

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Сақтандару (қайта сақтандыру) ұйымдарын мәжбүрлеп тарату ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы № 77 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 180 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 1 ақпандағы № 6763 тіркелді

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңын іске асыру және Қазақстан Республикасында мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын мәжбүрлеп тарату ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 наурыздағы № 77 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4257 тіркелген) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын мәжбүрлеп тарату туралы Ережеде:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 1995 жылғы 30 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», 2000 жылғы 18 желтоқсандағы «Сақтандыру қызметі туралы» (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы Заң), 2003 жылғы 4 шілдедегі «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы», 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

2. Осы Ережені қолдану мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) барынша төмен баға – бұдан төмен болғанда лот сатыла алмайтын баға;
2) бастапқы баға – әрбір лот бойынша сауда-саттық басталатын және лоттың бағалау бағасынан төмен бола алмайтын баға;

3) болжанбаған шығыстар – тарату комиссиясы жоспарламаған, мөлшері жүз айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс, шұғыл қажеттіліктерге арналған шығын;

4) кредиторлар комитеті – кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және олардың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары қатарынан құрылатын орган;

5) кредиторлар санаты – талаптары біртектес сипатта болатын және Сақтандыру туралы Заңның 72-бабында көзделген белгілі бір кезек шегінде қанағаттандырылатын к р е д и т о р л а р т о б ы ;

6) кредиторлар талаптарының тізілімі – уәкілетті орган бекіткен, кредиторлардың белгіленген мерзімде жарияланған және тарату комиссиясы таныған талаптарын к ө р с е т е т і н қ ұ ж а т ;

7) құндылықтар – Қазақстан Республикасының валюталық құндылықтары, банкноттары мен монеталары, бағалы қағаздар және қатаң есепті бланктер, қымбат металлдар, олардан жасалған бұйымдар, сондай-ақ айналыстан шыққан, қымбат металлдардан жасалған монеталар және бағалы заттар;

8) лот - сату үшін бөлінбейтін бірліктерге бөлінген, аукционға шығарылатын мүлік;

9) мерзімді баспасөз басылымы - тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде үш айда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қ о с ы м ш а л а р ы ;

10) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторы – таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелерден туындайтын мүліктік талаптары бар тұлға;

11) сату бағасы – сауда-саттық нәтижесінде белгіленген лоттың ақырғы бағасы, ал мүлік сауда-саттықты өткізусіз сатылатын жағдайда – кредиторлар комитеті не осы Ережеге сәйкес тарату комиссиясының төрағасы белгілеген, мүліктің ақырғы бағасы;

12) сату объектісі – таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сауда-саттыққа жеке (дербес) бірлік ретінде шығарылатын мүлкі немесе бірнеше бірліктерден бір лотқа шоғырландырылған өзге мүлкі;

13) сатушы – таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату к о м и с с и я с ы ;

14) сатып алушы - сатушымен сатып алу-сату шартын жасасқан сауда-саттық ж е ң і м п а з ы ;

15) сауда-саттық жеңімпазы – сауда-саттықта лот үшін мейлінше жоғары баға ұ с ы н ғ а н қ а т ы с у ш ы ;

16) сауда-саттыққа қатысушы - сауда-саттықты жүргізуді ұйымдастырушы белгілеген тәртіппен сауда-саттыққа қатысу туралы өтініш берген және сауда-саттықты жүргізуді ұйымдастырушы оны қатысушы ретінде тіркеген жеке немесе заңды тұлға;

17) сауда-саттықты жүргізуді ұйымдастырушы – таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы немесе тарату комиссиясымен сауда-саттықты өткізу бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасасқан және оның қорытындысының қандай болатынына мүдделі емес жеке не заңды тұлға;

18) сауда-саттықтың ағылшын әдісі – лоттың бастапқы бағасы алдын-ала жарияланған қадам бойынша лот үшін барынша жоғары баға ұсынған қатысушылардың бірі қалған сәтке дейін көтеріле беретін сауда-саттық әдісі;

19) сауда-саттықтың голланд әдісі – лоттың бастапқы бағасы алдын-ала жарияланған қадам бойынша қатысушылардың бірі лотты жарияланған бағамен сатып алуға келіскен сәтке дейін төмендетіле беретін сауда-саттық әдісі;

20) тарату комиссиясы – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган тағайындайтын (босататын), тарату рәсімдерін жүргізу барысында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерін аяқтау және оның кредиторларымен есеп айырысуды қамтамасыз ету мақсатында тарату комиссиясы төрағасының тікелей басшылығымен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттікті жүзеге асыратын орган ;

21) тарату комиссиясының шығыстары – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мәжбүрлеп таратылу барысындағы тауарлардың, жұмыстың және қызметтің тұтынылуына байланысты шығындар (бұдан әрі – тарату шығыстары);

22) тарату, конкурстық масса – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерін аяқтауға және оның кредиторларымен есеп айырысуды қамтамасыз етуге арналған таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері;

23) тарату массасын мақсатсыз жұмсау – уәкілетті органмен келісілген немесе кредиторлар комитеті бекіткен тарату шығыстарының сметасында көзделмеген шығындарды жүзеге асыру ;

24) тарату шығыстарының бекітілген сметасы – тарату комиссиясының төрағасы уәкілетті органмен немесе кредиторлар комитетімен келісе отырып бекіткен, тиісті уақыт кезеңіне арналған смета ;

25) тарату шығыстарының сметасы - тарату комиссиясы белгілі бір уақыт кезеңіне болжап отырған шығындарды көрсететін құжат;

26) тарату өндірісі - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істерін аяқтау және оның кредиторларымен есеп айырысуды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын, заңды тұлға ретіндегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін тоқтату рәсімі ;

27) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы - сот шешімінің заңды күшіне енуіне байланысты мәжбүрлеп тарату барысында болып отырған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ;

28) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі – құндық бағасы бар және тарату, конкурстық массаға енгізілген мүліктік қажеттілік пен құқықтар жиынтығы ;

29) уақытша әкімшілік (уақытша әкімші) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету үшін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын

басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім күшіне енген күннен бастап және уәкілетті орган тарату комиссиясын тағайындағанға дейінгі кезеңге тағайындайтын орган;

30) уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.»;

5 - тармақта :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Сақтандыру қызметі туралы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық борыштық міндеттемелерінің мерзімдері біткен болып есептеледі;»;

8) тармақшада ««Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында» деген сөздер «Сақтандыру қызметі туралы Заңда» деген сөздермен ауыстырылсын ;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры (бұдан әрі – Қор) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес өзіне міндеттемелер қабылдайды.»;

8 - тармақта :

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тарату комиссиясы уақытша әкімшіліктен (уақытша әкімшіден) бір айдан аспайтын мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құжаттарын және мүлкін қабылдау-өткізу актісі бойынша қабылдап алады.»;

үшінші бөлігінде «сәттен» деген сөз «күннен» деген сөзбен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан іс-әрекет жасайды және оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде дербес әрекет етеді.

Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату рәсімін тарату комиссиясының төрағасы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Жұмыс жоспары жарты жылдықтарға бөлініп, бір жылға жасалады және тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап жиырма жұмыс күні ішінде және одан кейін жоспарланатын кезеңнің алдындағы айдың оныншы күнінен кешіктірмей уәкілетті органға мәлімет үшін ұсынылады.»;

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тарату комиссиясының төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін төрағаның тарату комиссиясы мүшелерінің қатарынан тағайындайтын орынбасары орындайды.»;

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Еңбекке ақы төлеу талаптарын қоса алғанда, тарату комиссиясы мүшесінің, тарату комиссиясы бөлімшесі басшысының құқықтары мен міндеттері тарату комиссиясының төрағасымен жасалатын еңбек шартында айқындалады. Тартылған қызметкердің құқықтары мен міндеттері еңбек шартында немесе өтем төленетін қызмет көрсету шартында айқындалады.

16. Тарату комиссиясының төрағасы оның қызметін жедел басқаруды жүзеге асырады, бөлімшелерінің және олардың басшыларының қызметіне бақылау жасайды.

Тарату комиссиясының төрағасы осы Ереженің 107-тармағына сәйкес таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитетінің өкілеттігіне кіретін мәселелерді қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату өндірісі мәселелері бойынша дербес шешім қабылдайды, сондай-ақ шарттарға, сенімхаттарға, бұйрықтарға, өкімдерге және тарату өндірісі барысында туындайтын мәселелерді шешуге байланысты басқа да құжаттарға қол қояды.»;

18 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шағымдар (арыздар) беру тәртібін, мерзімін және кредиторлар өз талаптарын қоя алатын мекен-жайды міндетті түрде көрсете отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы ақпаратты орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды;»;

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде салық органдарын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мәжбүрлеп таратылатыны туралы хабардар етеді;

2-2) тағайындалған сәттен бастап бір жұмыс күнінен кеш емес мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банк шоттары бар екінші деңгейдегі банктерге бірінші және екінші қол қоюдың және мөр бедерінің үлгілері бар жаңа құжаттарды ұсынады;»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) осы Ереженің 53-тармағында көзделген, кассадағы қолма-қол ақша қалдығының күн сайынғы лимитін қоспағанда, дереу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кассасына түгендеу жүргізеді, ақша қалдығын таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шоттарына есепке жазады;»;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) Сақтандыру қызметі туралы Заңның 69-1-бабының 5 тармағында белгіленген тәртіпте таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру портфелі табыс етілетіні туралы хабарландыруды жариялайды;»;

9) тармақша «ұйымының» деген сөзден кейін «басшы, ал қажет болған кезде өзге де

» деген сөздермен толықтырылсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш ай ішінде Сақтандыру қызметі туралы Заңның 69-1-бабында көзделген тәртіпте сақтандыру портфелін басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына табыс ету бойынша шаралар қабылдайды;»;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«19) тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қордың атына мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кепілдік берілетін сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру шарттарының тізілімін ж і б е р е д і ; » ;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«24) өз функциялары мен міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін адамдарды еңбек шарттары, сондай-ақ өтем төленетін қызмет көрсету шарттары бойынша ж ұ м ы с қ а қ а б ы л д а й д ы ; » ;

26) тармақшадағы «жарты жылда бір рет» деген сөздер «жыл қорытындысы бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шоттары тарату комиссиясының және оның бөлімшелерінің тұрған жері бойынша екінші деңгейдегі банктің филиалдарында теңгемен және қажет болған кезде шетел в а л ю т а с ы н д а а ш ы л а д ы .

Осы Ережеде көзделген касса лимитін қоспағанда, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, оның ішінде филиалдарының не өкілдіктерінің барлық ақшасы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шотына е с е п к е ж а з ы л а д ы .

Тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының алдында берешегі жоқ заңды немесе жеке тұлғалардың жазбаша талап етуі бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банк шоттарына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы лицензиядан айырылғаннан кейін келіп түскен, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін келіп түсетін ақшаны дереу (талапты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде) қайтаруды жүзеге асырады.»;

21-тармақтың бірінші бөлігіндегі «, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін пайда болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға арналған» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

23-тармақ «кезеңінде» деген сөзден кейін «осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

24-тармақтың бесінші бөлігі «жасалған» деген сөзден кейін «(жоспарланатын)»
деген сөзбен толықтырылсын;

26 - тармақта :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:
«1-1) өтем төленетін қызмет көрсету шарттары бойынша ақы төлеу шығыстары;»;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) болжанбаған шығыстар.»;

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

«26-1. Тарату комиссиясы тарату шығыстарының сметасына әрбір бап бөлігінде шығыстар сметасын қалыптастыру кезінде осы Ереженің 24-тармағында көзделген принциптердің сақталуын көрсететін түсіндірме жазбаны қоса береді.»;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу шығыстары мынадай шығындарды көздейді: тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бар филиалдары мен өкілдіктері ескеріле отырып, еңбек шарттары негізінде жұмыс істейтін, тарату комиссиясына тартылған қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу.

Еңбекке ақы төлеу шығыстарында:

1) лауазымдық еңбекақының;

2) мемлекеттік бюджетке аударылатын табыс салығының;

3) міндетті зейнетақы жарналарының сомалары көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылсын:

«27-1. Өтем төленетін қызмет көрсету шарттары бойынша ақы төлеу шығыстарына өтем төленетін қызмет көрсету шарттары бойынша қызмет көрсететін тартылған қызметкерлердің қызметтеріне ақы төлеу шығындары кіреді.

Тарату шығыстарының сметасына өтем төленетін қызмет көрсету шарттары бойынша ақы төлеу кіргізілген жағдайда тарату комиссиялары есептеулерді қызметтер күн сайынғы негізде көрсетілетін және ақы төлеу ай сайын жүзеге асырылатын, жасалған өтем төленетін қызмет көрсету шарттарының негізінде жүргізеді.»;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Еңбекке ақы төлеу бөлігінде тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру кезінде есептеулер жасалған еңбек шарттарына, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтарға негізделеді.

Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу шығыстарының бабы тарату комиссиясының төрағасы бекітетін штат кестесіне сәйкес қалыптастырылады.»;

31 - тармақта :

30) тармақшада «.» деген тыныс белгісі «;» деген тыныс белгісімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 31) тармақшамен толықтырылсын:

«31) банк шотына қызмет көрсету, банк шотын ашусыз жүзеге асырылған ақшаны

аударым жасау мен төлем жасау жөніндегі қызметтер.»;

34-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34-1. «Болжанбаған шығыстар» деген шығындар бабы бойынша шығыстардың басқа бабы бойынша артық шығысқа байланысты шығыстарды, сондай-ақ келісілуі не бекітілуі осы Ережеде белгіленген тәртіпте мүмкін болатын қажеттіліктерге арналған шығыстарды жүзеге асыруға жол берілмейді.»;

3 6 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігінде «бес» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Филиалдық желісі бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясы бөлімшелерінің тарату шығыстары сметасын жасау жөніндегі қызметін үйлестіреді және тарату комиссиясының бөлімшелері бойынша шығыстар бөлігінде тарату шығыстарының жинақталған сметасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.»;

мынадай мазмұндағы 42-1-тармақпен толықтырылсын:

«42-1. Уәкілетті органмен келісілген немесе кредиторлар комитеті бекіткен тарату шығыстары алдыңғы кезеңде жүзеге асырылмаған және оларды жоспарланған кезеңде жүзеге асыру қажет болған жағдайда, көрсетілген шығыстар жоспарланатын кезеңдегі тарату шығыстарының сметасына кіргізілуі тиіс.»;

4 5 - т а р м а қ т а :

«Тарату» деген сөз «Осы Ереженің 45-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тарату» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 45-1, 45-2, 45-3-тармақтармен толықтырылсын:

«45-1. Тарату шығыстарының сметасын уәкілетті органмен келісілгенге дейін тарату комиссиясының шығындардың мынандай баптары бойынша шығыстарды жүзеге асыруына жол беріледі:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы хабарландыруды жариялау жөніндегі қызметтер;

2) байланыс қызметтері (телекоммуникация шығыстары, телефонды, телеграфты пайдалану үшін абоненттік төлем, қалааралық және халықаралық сөйлесу, почта және анықтама беру қызметтері бойынша шығыстар);

3) коммуналдық қызметтер;

4) бірінші және екінші қол қоюдың (қол қоюлардың) және мөр бедерінің үлгілері бар құжаттарды нотариаттық куәландыру жөніндегі қызметтер.

4 5 - 2 . М ы н а л а р д ы ң :

1) тарату комиссиясының осы Ереженің 24-тармағында көзделген тарату шығыстарының сметасын қалыптастыру принциптерін сақтауын көрсететін түсіндірме ж а з б а н ы ң ;

2) жоспарланатын (жасалған) шығыстарды растайтын құжаттардың ұсынылмауы

уәкілетті органның тарату шығыстарының сметасын келісуден (кредиторлар комитетінің бекітуден) бас тартуына негіздеме болып табылады.

45-3. Уәкілетті орган тарату шығыстары сметасының келісілгені (бекітілгені) туралы немесе оны келісуден (бекітуден) бас тартылғаны туралы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясына жазбаша нысанда хабарлайды.

Кредиторлар комитетінің тарату шығыстарының сметасын бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешімі хаттамамен ресімделеді.»;

51-тармақ «төрағасында» деген сөзден кейін «(бөлімшенің басшысында)» деген сөздермен толықтырылсын;

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«53. Кассадағы қолма-қол ақша қалдығының күн сайынғы лимиті мынадай шектерде анықталады:

1) тарату комиссиясының бас офисінде – 100 000 (жүз мың) теңге;

2) тарату комиссиясының бөлімшесінде – 50 000 (елу мың) теңге.»;

54 - тармақта:

«банктерден» деген сөзден кейін «, мүлікті сатудан, дебиторлық берешекті өндіріп алудан» деген сөздермен толықтырылсын;

«қызмет көрсетуші банктен» деген сөздер алып тасталсын;

56-тармақта «Кассаға» деген сөз «Осы Ереженің 53-тармағында көзделген кассадағы қолма-қол ақша қалдығының күн сайынғы лимитін қоспағанда, кассаға» деген сөздермен ауыстырылсын;

65-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ведомосте нақты төленген соманы көрсетеді.»;

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«67. Есеп беруші тұлғалар есепті түрде берілген сомалар бойынша оларды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде, іссапарлық шығыстар бойынша іссапар мерзімі аяқталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде алынған сомалардың мақсатты жұмсалғанын растайтын құжаттарды береді (барлық растаушы құжаттар қоса берілген аванстық есептер, тауарлардың төлемі немесе көрсетілген қызмет туралы чектер).

Есепті түрде берілген ақша мынадай:

1) мақсатты жұмсалмаған;

2) мақсатты жұмсалғанын растайтын құжаттар болмаған жағдайларда қайтарылуы тиіс.

Есепті түрде берілген ақша алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал іссапарлық шығыстар кезінде - іссапар аяқталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қайтарылуы тиіс.»;

71-тармақтың екінші сөйлемі «төрағаның» деген сөзден кейін «(бөлімше басшысының)» деген сөздермен толықтырылсын;

73-тармақтағы «төрағаның, бас бухгалтердің және кассирдің» деген сөздер «тарату комиссиясы төрағасының (бөлімше басшысының), бас бухгалтерінің және кассирінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

74-тармақтың бірінші сөйлемі «төрағасына» деген сөзден кейін «және бөлімше басшысына» деген сөздермен толықтырылсын;

82-тармақтың екінші сөйлеміндегі «көрсетілуі тиіс» деген сөздер «көрсетіледі» деген сөзбен ауыстырылсын;

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«83. Тарату комиссиясы мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны(ларды)тарта отырып, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін бағалауды жүргізеді.

Баланстық құнына қарамастан жылжымайтын мүлікті, баланстық құны бірлігі үшін бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын жылжымалы мүлікті бағалау үшін бағалаушыны таңдау тендер (конкурс) өткізу жолымен жүзеге асырылады, оның нәтижесі бойынша мейлінше тиімді талаптарды (көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу мөлшерін, бағалауды өткізу мерзімдерін, бағалаушыда филиалдық желінің болуын және өзге де талаптарды) ұсынған бағалаушыға артықшылық беріледі. Тарату комиссиясының төрағасы конкурсты (тендерді) өткізу талаптарын анықтайды және Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын немесе бағалануы тиіс сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі орналасқан орны бойынша облыстың, республикалық мәні бар қаланың, Қазақстан Республикасы астанасының мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Тарату комиссиясы баланстық құны елуден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мүліктің бір бірлігін бағалау үшін бағалаушыны таңдауды баға ұсыныстарын сұрату жолымен жүзеге асырады.

Баланстық құны елу айлық есептік көрсеткіштен кем жылжымалы мүлікке бағалау жүргізілмейді.» ;

84-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді; мынадай мазмұндағы 87-1-тармақпен толықтырылсын:

«87-1. Сақтандыру шарттарының тізілімінде және (немесе) мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының деректер базасында сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне енгізілген, кепілдік берілетін сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру шарты болмаған жағдайда, сақтанушы мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымымен жасалған, қолданылу мерзімі өтпеген сақтандыру шарты (түпнұсқасы, көшірмесі, дубликаты) болған кезде мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясына сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін осы шарт қолданылуы тиіс болған уақыттың қалған кезеңіне пропорционал түрде талап ету құқығымен өтініш жасайды.

Бұл ретте мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен жасалған сақтандыру шартының қолданылуы сақтанушының мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясына берген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтару туралы өтінішінің негізінде тоқтатылады.»;
мынадай мазмұндағы 88-1-тармақпен толықтырылсын:

«88-1. Кредитор Қорға кепілдік берілген төлемді алу туралы арызбен өтініш жасаған жағдайда, тарату комиссиясының атына жасалған арызда (шағымда) құжаттардың көшірмелері қоса беріліп, Қордың кепілдік берілген төлемді алу туралы арызды қарау нәтижелері туралы ақпарат көрсетіледі.»;

90-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

91-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасының екінші сөйлеміндегі «міндетті сақтандыру түрі бойынша» деген сөздер «кепілдік берілетін сақтандыру түрлері бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

92-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«92. Шағым (арыз) толығымен немесе ішінара қабылданбаған жағдайда, өтініш берушіге шағыммен (арызбен) бірге алынған құжаттар қайтарылады, сондай-ақ егер өтініш берушіде болмаса, шағымның (арыздың) қабылданбағанын негіздейтін құжаттар ж і б е р і л е д і .

Кредитордың растайтын құжаттарды ұсынбағанына байланысты тарату комиссиясының шағымды (арызды) қабылдамауы кредитордың шағымдарды (арыздарды) қабылдау үшін белгіленген мерзім шегінде шағыммен (арызбен) және талап етілетін құжаттарды қоса бере отырып, тарату комиссиясына қайталап өтініш ж а с а у ы н а к е д е р г і б о л м а й д ы . » ;

99-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«99. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру, олардың мүддесін қамтамасыз ету мақсатында кредиторлар талаптарының тізілімін жасайды және ол Сақтандыру қызметі туралы Заңның 72-бабында белгіленген кезектілікке сәйкес болуы тиіс.

Кредиторлар талаптарының тізілімінде әрбір кредитор, оның ақшалай міндеттемелер және (немесе) міндетті төлемдер бойынша талаптарының мөлшері туралы, әрбір талапты қанағаттандыру кезектілігі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Кредиторлар талаптарының тізіліміне кредиторлардың даусыз болып табылатын, белгіленген мерзімде мәлімделген және тарату комиссиясы таныған талаптары е н г і з і л е д і .

Заңды күшіне енген сот шешімдері бойынша таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шотына берілген орындау құжаттары кредиторлардың талаптарын есепке алу үшін тарату комиссиясының төрағасына т а п с ы р ы л а д ы .

Орындау құжаттары танылған талаптар болып табылады және орындалмаған сома

мөлшерінде тиісті кезектілік бойынша кредиторлар талаптарының тізіліміне есепке а л ы н а д ы .

Тарату комиссиясы мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру шарттары бойынша басталған сақтандыру жағдайлары бойынша мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан Қор кепілдік беретін сақтандыру төлемдерінің сомасын өндіріп алу туралы орындау құжаттарын кредиторлар талаптарының тізіліміне есепке алады.

Тарату комиссиясы Қормен оның жүзеге асырған кепілдік берілген төлемдерінің сомасы бойынша салыстырып тексеру актісіне қол қойғаннан кейін кредиторлардың мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру шарттары бойынша басталған сақтандыру жағдайлары бойынша өзі таныған талаптарын салыстырып т е к с е р у д і жү з е г е а с ы р а д ы .

Тарату комиссиясы кредиторлардың, оның ішінде Қор кепілдік берілген төлемдерді жүзеге асырған орындау құжаттары бойынша талаптарын таныған жағдайда, тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының тізіліміне тиісті өзгерістер енгізеді.»;

100-тармақта ««Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының» деген сөздер «Сақтандыру қызметі туралы Заңның» деген сөздермен ауыстырылсын;

102 және 103-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«102. Тарату комиссиясы кредиторлар комитеті құрамының тізімін аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қалыптастырады, оған тарату комиссиясының төрағасы қол қояды және дереу бекітуге уәкілетті органға жіберіледі. Тарату комиссиясы кредиторлар комитеті құрамының тізімін осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес белгіленген нысан бойынша ж а с а й д ы .

103. Кредиторлар комитетінің құрамы Сақтандыру қызметі туралы Заңның 72-бабында көзделген кредиторлар санатының әрқайсысынан бір өкілден, кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген, мейлінше көп талап ету сомасы бар кредиторлардан қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

Тарату комиссиясы мұндай кредиторларға осы кредиторларды тарату өндірісіне қатысу үшін кредиторлар комитетінің құрамына енгізу туралы ұсыныстар жібереді.

Кредитордың жазбаша келісімі болған жағдайда ол кредиторлар комитетінің қ ұ р а м ы н а е н г і з і л е д і .

Кредиторлар комитетінің құрамына таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бұрынғы басшы қызметкерлері, сондай-ақ оларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу, тарату рәсімдерін жүзеге асыру кезінде жүктелген міндеттерін орындамау немесе тиісінше орындамау, жекелеген кредиторлардың мүдделеріне қысым жасайтын не басқаларға артықшылық беретін іс-әрекет жасау фактісінің (лерінің) болуы белгіленген, бұдан бұрын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясының

төрағасы немесе мүшесі болған кредиторлар өкілдері енгізілмейді.»;
104-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«104. Кредиторлар комитетіне енгізілген кредиторлардың саны үш адамнан кем
е м е с б о л а д ы . » ;

1 0 7 - т а р м а қ т а :

3) тармақша «міндеттемелерін» деген сөзден кейін «орындамағаны және (немесе)»
деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын ескере отырып,
тарату комиссиясының төрағасына және (немесе) мүшелеріне, сондай-ақ жұмысқа
тартылған қызметкерлерге төленетін қосымша төлемдердің мөлшерін қоса, тарату
шығыстарының сметасын бекіту;»;

110-тармақта ««Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының»
деген сөздер «Сақтандыру қызметі туралы Заңның» деген сөздермен ауыстырылсын;

112-тармақ «табиғи нысанда» деген сөздерден кейін «оның бағалау құны, сондай-ақ
баланстық және баланстан тыс шоттарда есепте тұрған дебиторлық берешегі бойынша»
деген сөздермен толықтырылсын;

1 1 3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

119-тармақта «аукциондар өткізу жолымен» деген сөздер алып тасталсын;

1 2 0 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і б ө л і г і н д е :

«Тарату комиссиясы төрағасының мүлікті сату туралы шешімін, сондай-ақ
таратылатын» деген сөздер «Таратылатын» деген сөзбен ауыстырылсын;

сөйлемнің екінші бөлігінің мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;
екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тарату комиссиясы кредиторлар комитеті бекіткенге дейін осы Ережеде көзделген
тәртіпте уәкілетті органмен келісу бойынша мүлікті сата алады.»;
ү ш і н ш і б ө л і г і н д е :

«мүлікті сату жөніндегі шешім, сондай-ақ» деген сөздер алып тасталсын;
сөйлемнің екінші бөлігінің мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

1 2 2 - т а р м а қ м ы н а д а й р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

«122. Олардың құнына қарамастан таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының үйлері мен ғимараттары, өзге де жылжымайтын мүлік объектілері, көлік
құралдары, сондай-ақ таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүліктің
бір бірлігі үшін жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын бағалау құны бар өзге де
жылжымалы мүлкі тек қана жария сауда-саттық (аукцион) арқылы сатылуы тиіс.

Тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының
мүліктің бір бірлігі үшін жүз айлық есептік көрсеткіштен кем бағалау құны бар
жылжымалы мүлкін жария сауда-саттықты өткізусіз, бірақ бағалау құнынан төмен емес

Тарату комиссиясы жүз айлық есептік көрсеткіштен кем бағалау құны бар жылжымалы мүлікті сату кезінде сату бағасын (бағалау құнынан асатын) дербес белгілейді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жүз айлық есептік көрсеткіштен кем бағалау құны бар жылжымалы мүлкі осы мүлікті бағалау құнынан төмен емес бағамен сатып алғысы келетін тұлғалар болмаған жағдайда және кредиторлар комитеті мүлікті сату бағасын бекіткен кезде ғана бағалау құнынан төмен бағамен сатылуы мүмкін.

Тарату комиссиясы елу айлық есептік көрсеткіштен кем баланстық құны бар жылжымалы мүлікті жария сауда-саттықты өткізусіз, тарату комиссиясы дербес белгілеген, бірақ баланстық құнының елу пайызынан төмен емес бағамен сатады.»;

124, 126 және 132-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«124. Сату жоспарында сатылатын объект туралы ұсыныстар және олардың жан-жақты сипаттамасы, бағалау құны, бастапқы (және сауда-саттықтың голланд әдісі кезінде - барынша төмен) сату бағасы, сауда-саттықты жүргізу кезеңі және әдісі туралы мәліметтер болады.

Сату жоспарына елу айлық есептік көрсеткіштен кем баланстық құны бар, сондай-ақ жүз айлық есептік көрсеткіштен кем бағалау құны бар мүлік кіргізілмейді. Жүз айлық есептік көрсеткіштен кем бағалау құны бар мүлік тарату комиссиясы оны бағалау құнынан төмен емес бағамен сата алмаған жағдайда сату жоспарына кіргізіледі.»

126. Сауда-саттықты ұйымдастырушы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін сату туралы хабарландыруды аукцион өткізілетін күнге дейін кем дегенде он күнтізбелік күн бұрын Қазақстан Республикасының барлық аумағында, аумағында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сатылатын мүлкі орналасқан облыста немесе республикалық мәні бар қалада таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Аукцион ол туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей өткізіледі. Әрбір жеке аукционға жеке хабарландыру беріледі.»;

132. Аукционға қатысуға таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бұрынғы басшы қызметкерлері, сауда-саттықты өткізуді ұйымдастырушы, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары болып табылатын тұлғалар, тарату комиссиясының төрағасы және мүшелері, сондай-ақ аталған тұлғалардың туыстары және жегжаттары жіберілмейді.»;

133-тармақта «дейінгі бес күннен» деген сөздер «дейін бір сағат бұрыннан» деген сөздермен ауыстырылсын;

139-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) аукционға қатысудан бас тартса;»;

152-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) тармақшаның бірінші абзацының бесінші сөйлемі «ұйымдастырушы арқылы» деген сөздер «өткізуді ұйымдастырушымен» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сауда-саттықтың голланд әдісі бойынша сауда-саттықты өткізуді ұйымдастырушы лоттың бастапқы және барынша төмен бағасын жариялайды және жаңа бағаны жариялай отырып, жарияланған кадам бойынша оны төмендетеді. Сауда-саттықты өткізуді ұйымдастырушы баға жарияланған кезде аукциондық нөмірін бірінші болып көтерген қатысушының нөмірін атайды, лоттың соңғы бағасын үш рет қайталайды, және басқа көтерілмеген нөмірлер болмаған жағдайда бағаны ұру арқылы сауда-саттықтың жеңімпазын атайды және осы лоттың сатылғаны туралы жариялайды. Осы баға сауда-саттыққа қойылған лоттың барынша төмен бағасынан төмен бола алмайды. Голланд әдісі бойынша сауда-саттыққа алғаш рет қойылған лоттың барынша төмен бағасы тарату комиссиясы мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны тарта отырып белгілейтін соңғы бағалау құнының сексен пайызынан кем емес болады. Голланд әдісі бойынша сауда-саттыққа екінші және одан көп рет қойылған лоттың барынша төмен бағасы тарату комиссиясы мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны тарта отырып белгілейтін соңғы бағалау құнының елу пайызынан кем емес болады.»;

1-қосымша осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

2 - қ о с ы м ш а д а :

«Кіріс» деген кестеде

«

Төрағаның қолы

»

деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

«

Төрағаның (бөлімше басшысының) қойған қолы

»;

«ШЫҒЫС» деген кестеде

«

Төрағаның қолы

»

деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

«

Төрағаның (бөлімше басшысының) қойған қолы

»;

«Төраға _____ (фамилиясы, аты-жөні)
қолы» деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын:
« Т ө р а ғ а
(бөлімше басшысы) _____ (тегі, аты-жөні)
қ о й ғ а н қ о л ы » ;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес редакциядағы 3-қосымшамен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы бірінші рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен
с о ң _____ қ о л д а н ы с қ а _____ е н г і з і л е д і .

3. Қаржы ұйымдарын тарату департаменті (З.С. Жұмабаева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан
Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға
а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден
өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, «
Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» және «Атамекен» Одағы» Қазақстан
ұлттық экономикалық палатасы» заңды тұлғалар бірлестігіне, мәжбүрлеп таратылатын
сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларына, «Сақтандыру
төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамына мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттіктің Төрайым Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан
Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө.
Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым *Е. Бахмутова*

Қазақстан Республикасы Қаржы
 нарығын және қаржы ұйымдарын
 реттеу мен қадағалау агенттігі
 Басқармасының 2010 жылғы
 27 желтоқсан № 180 қаулысының
 1-қосымшасы
 «Сақтандыру (қайта сақтандыру)
 ұйымдарын мәжбүрлеп тарату
 ережесінің 1-қосымшасы
 _____ жылғы _____ тоқсандағы

тарату шығыстарының сметасы

таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы

№	Шығыстар баптарының атауы	Жоспарланатын шығыстардың сомасы (мың теңгемен)
1	2	3
Айы		
1	Еңбекке ақы төлеуге арналған шығыстар	
	лауазымдық еңбек ақы сомасы	
	жеке табыс салығының сомасы	
	міндетті зейнетақы жарналарының сомасы	
2	Өтем төленетін қызмет көрсету шарттары бойынша ақы төлеу шығыстары	
3	Бюджетке аударымдар бойынша шығыстар	
	әлеуметтік салық	
	әлеуметтік аударымдар	
	мүлік салығы	
	көлік құралы салығы	
	жер салығы	
	қосылған құн салығы	
	жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемақы қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы	
4	Әкімшілік шығыстар	
	қызметтік және шаруашылық қажеттіліктер үшін көлікті жалдау жөніндегі қызметтер	
	байланыс қызметтері	
	үйлер мен ғимараттар күзеті және сигнализациясы жөніндегі қызметтер	

	көлік күзеті жөніндегі қызметтер	
	көлікке көлік тұрағын ұсыну жөніндегі қызметтер	
	көлікті тіркеу жөніндегі қызметтер	
	көлікті техникалық тексеру жөніндегі қызметтер	
	көлікті сақтандыру жөніндегі қызметтер	
	коммуналдық қызметтер	
	мердігерлік әдіспен жүзеге асырылатын, негізгі құрал-жабдықтарды ағымдағы жөндеу, оларға техникалық, сервистік қызмет көрсету (тексеру) жөніндегі жұмыстар	
	үй-жайды жалдау	
	жылжымайтын мүлікті және тиісті құжаттаманы тіркеуші органдарда тіркеу жөніндегі қызметтер	
	мүлікті бағалау жөніндегі қызметтер	
	бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жөніндегі қызметтер	
	жылыту жүйесін іске қосуға дайындау жөніндегі қызметтер	
	сантехникалық жұмыстар	
	мүлікті сақтау жөніндегі қызметтер	
	мемлекеттік бажды төлеу	
	нотариаттық куәландыру жөніндегі қызметтер	
	мүлікті тасымалдау, тиеу, түсіру жөніндегі қызметтер	
	терезеге торларды, есіктерді жасау және орнату жөніндегі жұмыстар	
	аукциондар өткізу жөніндегі қызметтер	
	инкассация қызметтері	
	сараптама жүргізу жөніндегі қызметтер	
	аудит жүргізу жөніндегі қызметтер	
	құжаттарды аудару жөніндегі қызметтер	
	телефон нөмірлерін орнату, ауыстыру немесе көшіру	
	акционерлер тізілімін актуалды жағдайда ұстап тұру үшін тіркеуші қызметтері	
	банк шотына қызмет көрсету, банк шотын ашусыз жүзеге асырылған ақшаны аударым жасау мен төлем жасау жөніндегі қызметтер	
	құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеу және оларды мұрағатқа тапсыру жөніндегі қызметтер	
	таратуды тіркеу үшін алым төлеу	
	инкассация қызметтері	
	банк шотына қызмет көрсету, банк шотын ашусыз жүзеге асырылған ақшаны аударым жасау мен төлем жасау жөніндегі қызметтер	
5	Тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алуға арналған шығыстар	
	офистік жабдықтарды жұмыс істейтін жағдайда ұстау	
	көлік құралдарын ұстау	
	үй-жайларды ұстау	
	қағаз және бланк өнімдерін сатып алу	

	кеңсе тауарларын сатып алу	
	жанар-жағар май материалдарын сатып алу	
6	Іс-сапар шығыстары	
7	Болжанбаған шығыстар	
Жиынтығында ай үшін		
Жиынтығында ай үшін		
Жиынтығында ай үшін		
Барлығы тоқсан үшін		

Т а р а т у к о м и с с и я с ы н ы ң

төрағасы _____
(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қойған қолы)
Бас бухгалтер _____
(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қойған қолы)
Орындаушы _____
(тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) (қойған қолы)

Телефон»;

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Қ а р ж ы
н а р ы ғ ы н ж әне қ а р ж ы ұ й ы м д а р ы н
р е т т е у м е н қ а д а ғ а л а у а г е н т т і г і
Б а с қ а р м а с ы н ы ң 2 0 1 0 ж ы л ғ ы
2 7 ж е л т о қ с а н № 1 8 0 қ а у л ы с ы н ы ң
2-қосымшасы
«С а қ т а н д ы р у (қ а й т а с а қ т а н д ы р у)
ұ й ы м д а р ы н м ә ж б ү р л е п т а р а т у
е р е ж е с і н і ң 3-қосымшасы

Б е к і т е м і н
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Қ а р ж ы
н а р ы ғ ы н ж әне қ а р ж ы ұ й ы м д а р ы н
р е т т е у м е н қ а д а ғ а л а у а г е н т т і г і
Т ө р а й ы м ы н ы ң о р ы н б а с а р ы

_____ ЖЫЛҒЫ «_____» _____

Кредиторлар комитеті құрамының тізімі

_____ (таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

